

"Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылай сауықтыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 қыркүйектегі N 1252 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылай сауықтыру, инвестициялар, озық технологияларды тарту және кәсіпорынды тиімді басқарудың оң тәжірибесін жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Ривер" Интернешнл С.А." компаниясының "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін оған басқаруға беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқаруға "Ривер Интернешнл С.А." компаниясымен контракт жасау тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан аталған контрактіге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын "Ақ сұңқар" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан;

"Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласының экономикасын дағдарыс жағдайынан шығару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 шілдедегі N 757 қаулысына P940757_ сәйкес жасалған контрактінің бүкіл мерзіміне оны республикалық бюджеттен қаржыландыруға қалдырып, "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының құрамынан "Су құю" еншілес кәсіпорнын заңдарда белгіленген тәртіппен шығарсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі кәсіпорынды басқару құқығына аталған контракті шарттарының орындалуына бақылау жасау

жөніндегі өкілін тағайындап, оған осы қаулының жүзеге асырылуы бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүктесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК